КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 шілде №7119-23-00-2/7672 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ғ.Жақсыбаев,

оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «47762 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Тон-Пон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру;

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

2023 жылғы 20 сәуірде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «47762 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – РММ) мен «Тон-Пон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) арасында 2023 жылғы 31 желтоқсанына дейін қолданылу мерзімі бар №98 және №101 мемлекеттік сатып алу туралы шарттар (бұдан әрі - шарттар) жасалған.

ЖШС №98 шартының талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылғы 27 мамырға дейін талап қоюшыға бағасы 1 959 110 теңге құрайтын 150 дана символикасымен құттықтау папкаларын жасау қызметті көрсетуге, ал РММ тапсырыс беруші ретінде қызметті қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

ЖШС №101 шартының талаптарына сәйкес өнім беруші ретінде 2023 жылғы 27 мамырға дейін талап қоюшыға бағасы 105 000 теңге құрайтын 105 дана символикасымен қағаздан жасалған сыйлық пакеттерін жасау қызметті көрсетуге, ал РММ тапсырыс беруші ретінде қызметті қабылдап алуға және ол үшін төлем жүргізуге (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар) міндеттенген.

Документ подписан: Жақсыбаев А. Ғ., 25.07.2023
Дата вступления в законную силу: 04.09.2023, судья Смаилов А. Д., 04.09.2023
7119-23-3-1/7348

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте өнім беруші белгіленген мерзімі аяқталған күніне дейін техникалық сипаттамаға толық сәйкес қызметтерді көрсетпеген.

Осыған байланысты, талапкер соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танып, одан сомасы 61 924 теңге мөлшерінде шарттық тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

Қазіргі уақытта, жасалған шарттар тапсырыс берушімен бір жақты бұзылған.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 20 сәуірде тараптар арасында шарттар жасалған.

Шарттардың 2 қосымшасына, яғни техникалық ерекшелікке сай қызметтер көрсету мерзімі 2023 жылдың 27 мамыры.

Талап арызда өнім берушінің шарттардың талаптарын орындамағаны туралы көрсетілген.

Аталған құқықтық жағдайды шешу барысында сот бірінші кезекте шарттардың елеулі ережелерін реттейтін Заңның нормаларын басшылыққа алады.

Сот іске тіркелген құжаттардан жауапкер шарттардың талаптарын бұзған.

Сонымен қатар, тапсырыс беруші Заңда көрсетілген мерзімдерде сотқа әлеуетті өнім берушіні (өнім берушіні) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюға міндетті.

Аталған істі қарау барысында өнім берушінің шартарды орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Сонымен қатар, сот шарттар бойынша 61 924 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді, себебі шарттардың 7.3 тармағына сәйкес міндеттемені орындау мерзімін кешіктірілген жағдайда, тапсырыс беруші орындаушыдан әрбір кешіктірілген күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды.

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 25.07.2023

Дата вступления в законную силу: 04.09.2023, судья Смаилов А. Д., 04.09.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сонымен қатар, ЖШС әрекеттерінде шарттардың талаптарын бұзуының бар болғанына байланысты айыппұлды төлеуден босатылуға жатпайды.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «47762 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Тон-Пон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Тон-Пон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Тон-Пон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 61 924 (алпыс бір мың тоғыз жүз жиырма төрт) теңге тұрақсыздық айыбы және 3 583 (үш мың бес жүз сексен үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья А.Ғ.Жақсыбаев

Документ подписан: Жаксыбаев А. Г., 25.07.2023

Дата вступления в законную силу: 04.09.2023, судья Смаилов А. Д., 04.09.2023